



2021 жылдың қарашаның 14-і күні Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының жанындағы «Өлкетану» және «Атамұра» үйірмелерінің жетекшілері және 1, 3, 5, 6, 7, 15, 17 топтарының кураторлары Г.М.Мужигова, К.С.Аширбекова, Ж.К.Дауытова, С.А.Нусупбаева, Н.Т.Исаева, Г.Жұмаділ Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығының қарсаңында ұйымдастырылған, өлкеміздің көрікті орны «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркіне мәдени-танымдық саяхат өткізді <https://www.kaznu.kz>. Танымдық саяхаттың мақсаты: Еліміздің көркем жерлерімен шетелден келген тыңдаушыларды таныстыру. Саяхат барысында теңіз деңгейінен 3000 м-ге жуық биіктікте жатқан Жоғарғы Көлсай, Орта Көлсай (Қайыңды) мекендерін аралап, жасыл шыршалармен қоршалған саф алтынға тең таза ауасымен демалып, көркем табиғатын тамашалады. Түп-тұнық көлі адам жанын баурап, тыныштық сыйлайды. Көлдердің көз тоймайтын көрінісін қайықпен жүріп тамашалап, кейбір балалар атқа мініп шауып та алды. Қазақ иісі аңқыған жердің әр көрінісі қазақтың салт-дәстүрінен хабар беріп тұрғандай. Тыңдаушылар туристерге арнайы жасалған этноауыл демалыс аймағындағы қазақтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттау мақсатында тігілген киіз үйлерді аралап, қазақ халқының бай әрі тамыры терең тарихының бір бөлігімен танысты. Қорыта айтқанда Көлсай көлдерінің әсем табиғатын тамашалаған тыңдаушылар ұмытылмас әсерге бөленді.

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық
кафедрасының оқытушылары
Қ.С.Аширбекова, С.А. Нусупбаева, Г.Жұмаділ

ҚАЗАҚТЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТҚАН «МЕДЕУ» МҰЗ АЙДЫНЫ

Дені сау ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі маңызды міндеттердің бірі. Таза әрі саф ауа мен көрікті табиғат аясына жиі саяхат жасау көтеріңкі көңіл күй мен денсаулыққа пайдасы зор. Соның бір көрінісі 2021 жылдың 7-қараша күні Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының 1, 3, 5, 6, 7, 15, 17 топ кураторлары Мужигова Г.М., Дауытова Ж.К., Нусупбаева С.А., Мағаз Р., Аширбекова Қ.С., Жұмаділ Г., Исаева Н.Т. тыңдаушыларымен Медеу мұз айдынына саяхат жасады. Медеу мұз айдынына саяхаттың мақсаты тыңдаушыларға Медеуде орын алған, әлемдегі 150-ден аса үздік спорттық рекордтармен таныстыру, көптеген Отандық кинолардың тарихында <https://www.kaznu.kz> қалған «Азия дауысы» халықаралық ән байқауы және талай тарихи іс-шаралардың куәгері болған Медеу тарихымен таныстыру, тыңдаушыларды спортқа баулу, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу болып табылады. «Медеу» спорттық кешенінде топ тыңдаушылары конькимен мұз үстінде сырғанап, 800 сатылы баспалдақты бағындырып, Медеудің жоғарыдан көрінген керемет көркем табиғатын тамашалады. Қазақстанға зор сағынышпен келген қазақ баласын қаланың көрікті жерлерімен таныстырып, олардың жүздерінен ризашылық көру оқытушылар үшін де үлкен қуаныш. Қорыта айтқанда, шетелден келген қандас бауырларымыз Алматының мақтанышы Медеу мұз айдынының қарлы шыңдарын тамашалап, аспанмен таласқан Тянь-Шань тауының таза ауасымен демалып, ойлары сергіп және шымыр денсаулықпен, көңілді демалып қайтты.

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының
оқытушылары Ж.Т.Ибраимова, Қ.С.Аширбекова, Г.Жұмаділ

ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫ «ШАРЫН ШАТҚАЛЫМЕН» ТАНЫСТЫ

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті, Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының жанындағы «Өлкетану» және «Атамұра» үйірмелерінің жетекшілері және 1, 3, 5, 6, 7, 15, 17 топтарының кураторлары К.С.Аширбекованың, Г.М.Мужигованың, Ж.К.Дауытованың, С.А.Нусупбаеваның, Н.Т.Исаеваның және Г.Жұмаділдің ұйымдастыруымен 2021 жылдың қарашаның 14-і күні Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығының қарсаңында ұйымдастырылған, еліміздің танымал «Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының» құрамындағы көрікті орындар Ақтоғай, Көртоғай шатқалдарына танымдық саяхат <https://www.kaznu.kz> өткізді. Танымдық саяхаттың мақсаты: шетелден келген тыңдаушыларды, Алматы облысының көркем жерлерімен таныстыра отырып, табиғатпен үйлесімділік, табиғатты аялау туралы түсініктерін кеңейту. Шарын шатқалы солтүстік Америкадағы Колорадо шатқалынан кем түспейтін, елімізге келген әрбір туристің баратын, Жетісудың көркем танымал орындарының бірі болып табылады. Қазақ Ұлттық университетінің тыңдаушылары Торайғыр жотасының шығыс бөлігіндегі Шарын өзені «Көртоғай» шатқалының көпшілікке танымал болған орны – «Қорғандар алқабымен» танысып, арындап аққан Шарын өзенінің сұлу табиғи ерекшелігін тамашалап қайтты. Шарын шатқалын жаяу аралаған балалар



Тәуелсіздік күніне арналған Қазақстан телеарнасының түсірілімдерінің куәгері болды. Қазақстанның желбіреген жүздеген тулары дүниежүзінің әр бұрышынан келген қазақ балаларына олардың қай жерде оқып, білім алып жатқанын дәлелдегендей болды. Қазақ жеріне оқуға аяқ басқан әр қазақ баласына Қазақстанның көрікті жерлерін таныстыру, насихаттау ол біздің факультеттің негізі мақсаттарының бірі болып табылады. Бұл жолғы саяхаттың қайтардағы автобустағы шаршаған, көңілді балаларға қарап мәнді болғанын байқадық.

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының оқытушылары
Н.Т. Исаева, Қ.С.Аширбекова,
Ж.Т.Ибраимова

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА – ЖАҢА СТУДЕНТ ТҰЛҒАСЫ

ҚазҰУ – кредиттік жүйеге өткелі, біраз өзгерістерді өткеруде. Ол не үшін қажет? деген сұраққа бүгін жауап беріп көрейік.

Еуропа аймағындағы жоғары білімге қатысты біліктілікті тану туралы, Конвенцияны ратификациялау туралы Заңы кредиттік оқыту технологиясының ендірілуіне жол ашты. Кредиттік оқыту жүйесін ендіру және оқыту жүйесін жетілдіру әлемдік жоғары білім беру тәжірибесін, оның ішінде еуропалық аймақтағы жоғары білімге қатысты біліктіліктерді тану туралы Лиссабон Конвенциясы және Болон декларациясы сияқты материалдарды зерттеуді қажет етеді [1;66]. Қазақстанның Лиссабон Конвенциясына қол қоюы елімізді халықаралық бағдарламалар мен келісімдердің мүшесі етті. Болон процесіне қосылу еліміздің ұлттық білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер жасауға әкелді. Бұл заң арқылы қазақстандық білім берудің жаңа мүмкіндіктері ашылды:

- адамдарға өздері қалаған жерде білім алу мүмкіндігін беру;
- кез келген ұлттық білім беру жүйесімен сәйкес келуі;
- жоғары білім берудің формалары мен бағдарламаларының барлық түрлерінде қолдануы (күндізгі, кешкі, қашықтықтан оқыту, сырттай);
- халықаралық сынақ ауысымын жасау мүмкіндігі;
- дипломдардың жалпыеуропалық дипломдарға сәйкес келуі.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді

ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Мемлекет болашағының кепілі- жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты – білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу. Бұл тұрғыда ел Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады. Болашақта өркениетті, дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Оқып үйрену мен тәрбие ісінде оқу орындарының жаппай заманауи технологияларды қолдануға көшу процесінде мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру – қоғамның басты мәселесі. Ұстаздардың кәсіби даму үдерісін дамыту барысында ЖОО-ның даму жоспарында желілік қоғамдастық, тәлімгерлік инновациялық, интерактивті әдістерді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру, интернет жүйесімен байланысты жандандыру, жаңа ақпаратты технологияны меңгеру, жан-жақты ұстаздар қауымымен пікір алмасу қарастырылған.

Ал шәкірт үнемі ізденіп, білім қорымен өзінің іс-тәжірибесін таратып, өзгенің жаңалығын үйреніп отырса, оның болашағы зор болары анық.

Әбубәкірова Ә., Жарылқасын Ж.,
Абишев М.Е.